



Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 54 (563) СЕЙСЕНБІ, 30 маусым 2015 жыл

ЖАҢАЛЫҚТАР

МИЛАН КӨРМЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КҮНІ

«Expo Milano 2015» көрмесінде осындай атты акция өткелі тұр Италияның солтүстігіндегі Милан қаласында үстіміздегі жылғы 1 мамырдан бастап ЭКСПО көрмесінің өз жұмысын бастап кеткені белгілі. Әлшеулі мерзімі қазан айының 31-іне дейін созылатын оған күллі әлемнің 144 мемлекеті, 3 халықаралық ұйым, 16 мемлекеттік емес ұйым және 5 корпоративті павильон қатысуда. Бас тақырыбы — «Планетаны асырау. Өмір сүруге қажетті қуат» деп аталатын бүкіләлемдік көрме шеруі сапында біздің еліміздің де өз павильоны бар. Маусымның 27-сінде осы жерде Қазақстан күні аталып өтеді. Оған Италияға қысқа мерзімдік жұмыс сапарымен келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысады деп күтілуде.

Миландағы осы тойдың өту барысын жазып-түсіріп көрсетуге белгіленген қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мұнда бұрнағы күні Мәскеу арқылы алдын ала келіп жетті. Альпі тауының етегіндегі айдын шалқардай кең көсілген қаланың дидары бізге соншалықты жылы көрінді. Елдің солтүстігінде, таудың қапталында жатқан, айналасын жап-жасыл орман қоршаған шырайлы шаһардың жылылық мөлшері де біздің Астанадан төмен емес екен. Бірақ қазіргі



таңда көрмесінің өзі 150-ден астам ел мен ұйымнан жұрт жинап отырған құтты қоныста пәлендей абыр-сабыр байқала бермейді. Мұның бәрі мұндағы жұмыстардың белгілі бір тәртіпке бағындырылып, өзіндік ұтымды жүйемен жүргізіліп жатқанының белгісі болса керек...

Бас комиссардың айтуынша, Милан ЭКСПО-сында Қазақстан павильонының үздік үштіктің қатарында тұрғаны қазірдің өзінде белгілі болып қалған. Ал павильонның дәл осындай биік белестен көрінуі үшін Қазақстан Үкіметі 17 млн. еуродан астам қаржы бөліпті. Ал павильонның аумағы 3 мың 250 шаршы метрді құрайды. Мұнда келушілерді Қазақстанның ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, аквадақылдар, экология, егіншілік, сондай-ақ, республика өмірінен қызықты деректер деп бөлінетін 6 түрлі аймақтың экспонаттары қарсы алады. Қонақтардың барлығына мұнда қазақтың құнарлы да шипалы сусыны — қымыз ұсынылады...

— Осы павильон құрылысын салып шығуға бір жарым жылға жуық уақыт жұмсалды, — деді Миландағы ЭКСПО-2015 көрмесі Қазақстан құрылыс кешенінің атқарушы директоры Роберт Мюллер. — Бірақ біткен жұмысқа бәріміздің де көңіліміз толады. Мен Қазақстан павильонын осы көрмедегі ең мықты жұмыстардың бірі деп санаймын. Біз бұл жұмыстарды атқару барысында қазіргі заманғы технологияларды кеңінен пайдаланып бақтық. Осының өзі Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы өзіндік ерекшеліктері арқылы оның бүкіл тарихы туралы әңгімелеп беруімізге мүмкіндік берді. Жөн сөз. Бұған біз де келістік. Енді бүгінгі әңгімемізді осындай биік нотамен, көтеріңкі көңіл-күймен аяқтағымыз келіп отыр. Ал негізгі сөзді бүгін Бүкіләлемдік көрмеде Қазақстанның ұлттық күні болып өткеннен кейін айтып бермекшіміз. Бұған тек қосатынымыз: Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Италияға жұмыс сапары барысында бұдан басқа тағы екі елдің ресми және іскер адамдарының қатысуымен Қазақстан-Италия бизнес-форумы болып өткелі тұр.

БАҚ беттерінен

Құрметті журналистер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!

Сіздерді төл мерекелеріңіз — Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні құттықтаймыз. Журналистика — қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажет ететін жауапты кәсіп. Сіздер жекелеген адамдардың тағдыры да, қоғамның рухани ахуалы да адал, шынайы журналистік сөзге байланысты екенін жақсы білесіздер. Сондықтан газеттеріңіз бен оқырманның алдында адал қызмет етіп келесіздер.

Аудандық билік органдары мен БАҚ арасында қалыптасқан қарым-қатынастың сындарлы сипат алғаны баршаға аян. Сіздердің салмақты сөздеріңіз бен салиқалы пікірлеріңіздің арқасында халық билікке өз сөзін жеткізіп отыр. Баспасөзбен тығыз байланыстың нәтижесінде атқарушы және өкілетті билік органдарының қызметі туралы аудан жұртшылығына жедел және дәлелді ақпараттар жеткізіліп келеді.

Сіздерге тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтарыңыз, болып жатқан жаңалықтарды тұрғындарға жеткізіп, маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуге зор үлес қосып келе жатқандарыңыз үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен:
Г.АКУЛОВ,Бородулиха ауданының әкімі
У.МАЙЖАНОВ,

Аудандық мәслихаттың хатшысы

САЛТАНАТТЫ ҚОС МЕРЕКЕ



Маусым айының 23 жұлдызында аудан орталығының Мәдениет үйінде қос мереке салтанатты түрде аталып өтті. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы Жарлығымен 23 маусым Мемлекеттік қызметшілер күні болып белгіленді. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап ететіні сөзсіз. Ал, ҚР "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001-жылғы 13-желтоқсандағы заңының 4-бабына сәйкес, 23-маусым Қазақстан Республикасының полиция күні болып жарияланды. Салтанатты жиынға барлық ауданымыздың, ауылдық округтердің, мекеме, ұйымдардың қызметкерлері қатысты. Аудандық мәдениет үйінде жиналған барлық мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерін аудан әкімі Григорий Иосифович Акулов құттықтап, мемлекеттік қызметшілердің Елбасымыздың саясатын жүзеге асырудағы рөлі туралы айта келіп: «Біздің ауданымызда үш жүзден астам мемлекеттік қызметші қызмет атқаратынын, әр қызметшінің ауданымыздың дамуына қосып отырған өзіндік ерекше үлесі бар екенін атап өтті.

Содан кейін аудан әкімі Григорий Иосифович өз еңбегімен ерекше көзге түскен, осы салада өз еңбектерін сіңірген ардагерлерді, ең үздік деген мемлекеттік қызметкерлер мен полиция қызметкерлерін мақтау қағаздарымен марапаттап сый-сияпаттар тапсырды. Сонымен қатар осы мереке күні Жезкент кентінің әкімі Василий Дерябин мен Белағаш ауылдық округінің әкімі Дүйсенғали Асаубаевтар салтанатты түрде ант беріп, оларға қызметтік куәліктер табысталды. Ал, ауданымыздың әлеуметтік саласында еселі еңбек етіп, ең жоғарғы көрсеткіштерімен ел құрметіне бөленген, осы салада басшылық қызмет атқарған ауданымыздың «Құрметті азаматы» ардақты апайымыз Бектембаева Файза Фазылқызы «ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің «Еңбек ардагері» (төс белгісі) медалімен марапатталды. Өз кезегінде сөз алған «Еңбек ардагері» атанған апайымыз Файза Фазылқызы өзінің артында қызмет етіп келе жатқан мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерін салтанатты мерекелерімен құттықтап, өзінің ақ тілегін жолдады.

(жалғасы 2-ші бетте)

АУЫЛДАСТАРЫНЫҢ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН ЖАНДАР

Бар жақсылық балаларға демекші, Белағаш ауылында тұратын Дмитриевтар отбасы Михаил Владимирович пен жұбайы Светлана Васильевна ауылдастарының ыстық ықыласына бөленіп, алғыс арқалап отырған жандар. Осы жерде бұрыннан тұрып келе жатқан отбасының екеуіде көп жылдары бұрынғы ұн тарту комбинатында бірі лаборант болса, екіншісі басқа жұмысты атқарған. Бүгінгі таңда балалары Екатерина, Надежда, Евгения, Василийлерден 6 немере сүйіп отырған үлгілі отбасы. Бұдан 3 жыл бұрын алғашында өз балалары үшін істеген бассейндеріне бірте - бірте ауылдың балалары да келе бастады. Үйде немерелерімен отырған Светлана осы кәсіпті қолға алып, енді басқа балаларға да қуаныш сыйлады. Бассейннің кіре берісінде жүздері бал-бұл жанған бүлдіршіндер мен



балаларды көруге болады. Олар күн ара немесе бос уақыттарында осында келіп отырады. Жаз айының алғашқы онкүндігінде 3 баланың



анасы болсамда балаларымды ертіп менде бардым. Күн ыстық болатын. Балаларыма ұнағандықтан 3-4 сағаттай болуға тура келді. Мұнда балаларға ұнайды, таза ауа, суға түсіп, балалармен танысып, түрлі ойындар ойнаймыз. Бұнда шынымен жазғы демалыстарын тиімді өткіземін деген жеткіншектерге қандай жақсы. Табиғат аясында ой-өрістерін кеңейтетін түрлі ойындар ұйымдастырылады. Жалпы бұл бассейнде маусым айынан ауылдағы ұсақ балалар ата-аналарымен, үлкен бауырларымен барып көңілді демалып қайтады. Ауылдастары, ата-аналар риза болуда.

Г. ӘЛІМБЕКОВА,
Краснополь орта мектебінің бастауыш мұғалімі

АНА ТІЛІМ БАЙЛЫҒЫМ

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгісі, болашағы. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілі қасиетті Қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатады. Ана тілі – бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден әке-шешемізден, әжеміз бен атамыздан біле бастаймыз. Ана сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңеді. Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез-келген мемлекет өзінің аумағында салт-дәстүрін, ана тілін айрықша қорғайды. Еліміз Қазақстан Республикасы егемен ел атанды. Ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Тіл туралы заң қабылданды. Президентіміздің 2003 жылғы 15 қарашадағы жарлығымен қыркүйектің үшінші жексенбісі Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні ретінде атап өтілетін болды. Тіл адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алмасады, ойын жеткізеді. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз, қалаған мамандықты игереміз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, одан ғибрат аламыз. “Өнер алды – қызыл тіл” деген осыдан шыққан болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді.

Бородулиха ауданының
«Халыққа қызмет көрсету орталығы»

САЛТАНАТТЫ ҚОС МЕРЕКЕ

(Басы 1-ші бетте)

Мерекеде аудан әкімінің алғыс хаттарымен өмір бойы осы мемлекеттік қызметте қажырлы еңбек еткен ауданымыздың әрбір ауылдық округінде қызмет атқарған бір топ зейнеткерлікке шыққан ардагерлеріміз ардақталды. Атап айтқанда: Х.Тулеев (Уба Форпост), А.Лейман (Красный яр), Л.Шнырева (Белағаш), Т.Кожакметова (Новопокровка), А.Есимханова (Подборный), А.Шербанева (Андреевка), О.Белослюдова (Новодворовка), Г.Лесневская мен Р.Сабитова (Бородулиха), Т.Филиппенко (Степной) ауылдық округтерінде ұзақ жылдар мемлекеттік қызметте қажырлы қызмет атқарған азаматтар мен азаматшалар. Сонымен қатар бүгінгі таңда өз қызметтерін мүлтіксіз орындап, қиындыққа мойымай, ел іргесінің тыныштығын сақтап жүрген тәртіп сақшылары полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметкерлер марапатталды. Мереке Шығармашылық үйінің әртістері дайындаған концерттік бағдарламаға ұласып, өнерпаздар бір сағат бойы көрермендердің көңілін көтерді. Қазіргі жаһандандудың өрелі



биігіне қол созған кезде тәуелсіз елімізді өркендету жолында еселі еңбек етіп жатқан ауданымыздың полиция мен мемлекеттік қызметкерлерін шын жүректен құттықтаймыз. Еліміз өркендеп, аспанымыз ашық елімізде әрқашан тыныштық болсын. Деңдеріңе саулық, отбастарыңа амандық, еңбектеріңе жеміс тілейміз.

М АТАЕВА

«ҚАЗАГРОМАРКЕТИНГ» АҚ АУЫЛДЫҚ КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ КУРСТАРЫН ӨТКІЗУДЕ

«Қазагроомаркетинг» АҚ облыстық филиалдары негізінде аймақтық өкілдіктердің және ауылдық ақпараттық-кеңес беру орталықтары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту курстары өткізілді.

«Қазагроомаркетинг» АҚ ауылдық ақпараттық-кеңес беру орталықтары еліміздің 160 аудан орталығында жұмыс істеуде. Сонымен қатар консультациялық қызмет 14 облыс орталығы мен Астана, Алматы қалаларындағы өкілдіктер негізінде де қолжетімді. Өткізілген оқыту курстарының басты мақсаты өкілдік қызметкерлері мен ауылдық кеңесшілердің агроқешен субъектілеріне ұсынатын тегін ақпараттық-кеңестік қызметінің сапасын арттыру болып табылады.

Биылдың өзінде «Қазагроомаркетинг» АҚ агроөнеркәсіптік кешеннің 11 000 субъектісімен «Дербес қызмет көрсету» келісімдерін жасасқан.

Бұл келісімдер негізінде агроқешен субъектілері тегін ақпараттық қызмет ала алады, оның ішінде ауылшаруашылық тауар өндірушілері үшін аграрлық саланы мемлекеттік қолдау шаралары, республиканың барлық өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің, азық-түліктің, төрт түлік малдың, жем-шөп пен жанар-жағармайдың ағымдағы бағасы, әрбір өңірге сәйкес тұқым сұрыптары, тыңайтқыштар, улы химикаттар, сонымен қатар механизация құралдары, өндіріске енгізу үшін ұсынылған сынақтан өткен соңғы ғылыми әзірлемелер, ұсақ және орта ауыл шаруашылығы құрылымдарының қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған мәліметтер; агроөнеркәсіптік кешен үшін материалдық-техникалық ресурстарды және қызметтерді өндірушілер мен жеткізушілер бойынша ақпарат, республикада және басқа да елдерде жоспарланып отырған семинарлар, тренингтер, ұйымдастырылатын көрме-жәрмеңкелік шаралар туралы және т.б. мағлұматтар қолжетімді болып табылады.

Жыл басынан бері «Дербес қызмет көрсету» келісімдері негізінде «Қазагроомаркетинг» АҚ аймақтық өкілдіктері аграрлық тауар өндірушілеріне 35 000 астам консультациялық-ақпараттық қызмет ұсынған. Оның ішінде аймақтық желі мәліметіне сәйкес 14 000 астам консультация ағымдағы нарықтағы бағаларға қатысты болса, 7 200 астам кеңес оқыту семинарлары мен көрме-жәрмеңкелік шараларға, 5 300 астам құрау саланы мемлекеттік қолдау мәселесіне байланысты болған.

Сонымен қатар «Қазагроомаркетинг» АҚ «Дербес қызмет көрсету» келісімдерін жасаспаған ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне де тегін консультациялық қызмет көрсетеді.

Мәселен, биылғы қаңтар-маусым айлары аралығында компания өкілдіктері мен ауылдық кеңесшілері келісім жасаспаған тауар өндірушілеріне 12 000 астам консультациялық қызмет ұсынған. Оның ішінде 4 000 астам қызмет ауылшаруашылық саласын мемлекеттік қолдауға, 3 000 астам қызмет ағымдағы нарықтағы бағаға қатысты болған.

Сонымен қатар компания кеңесшілері мен өкілдіктерінің қызметкерлері агроқешен субъектілеріне арнап «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жаңа қолдау шаралары жөнінде де ақпараттық консультациялар жүргізуде. Оның ішінде агроқешен субъектілерін қаржылық сауықтыру, инвестициялық субсидиялау, несие мен лизингтің пайыздық мөлшерлемесін азайту, қарыздарды кепілдендіру мен сақтандыру аясындағы субсидиялау шаралары бойынша ақпараттық кеңестер берілуде.

Сондай-ақ компания көмегіне жүгінген тауар өндірушілерге «ҚазАгро» холдингісінің еншілес ұйымдары тарапынан берілетін несиелер мен лизинг жөніндегі ақпараттық кеңестер де ұсынылуда. Өткізілген оқыту курстары барысында компанияның облыстық өкілдіктерінің қызметкерлері мен ауылдық кеңесшілері аграрлық саланы мемлекеттік қолдау мен несиелеу саласындағы өзгерістермен танысып, біліктілік деңгейлерін арттырды. Бұл компания ұсынатын тегін ақпараттық қызметтің сапасын көтеруге бірден-бір ықпал етеді.

Еске сала кетсек, «Қазагроомаркетинг» акционерлік қоғамы агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін ақпараттық-консультациялық, аналитикалық және маркетингтік қызметтер көрсету нарығында 2003 жылдан бастап табысты қызмет етіп келеді. Компания агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету саласында арнайы мамандандырылған ұйым дәрежесіне ие болып табылады.

Қоғам Қазақстанның облыс орталықтары мен аудандарында орналасқан ірі аймақтық желіге ие. Анықтама:

«Қазагроомаркетинг» АҚ-ның («ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі) АҚ-ның еншілес компаниясы) миссиясы ауылшаруашылық тауарларды мен қызметтерін дамытудың нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады. Ол үшін компания өзінің ауылдық кеңес беру орталықтары арқылы қазіргі заманғы ең озық ақпараттық технологияларды пайдаланып шаруалардың ақпаратқа деген қолжетімділігін арттыруда.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ АӨК саласында қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды ынталандыру мақсатында 2006 жылы құрылды. Холдингінің құрамына «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ, «ҚазАгроӨнім» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «ҚазАгроКепіл» АҚ, «Қазагроомаркетинг» АҚ кіреді.

Мәңсия Сәкенова, +7 701 977 61 00, sakenova.m@kam.kz, тел: 8(7172) 580-177, ішкі 154, http://www.kam.kz

Қазагроомаркетинг»
АҚ-ның баспасөз қызметі

Аудан тынысы 3 № 54 (563) 30 маусым 2015 жыл

Қоғам келбеті

Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 мамырдағы №149 қаулысы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 22 маусымдағы №3999 тіркелген Бородулиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Осы қаулының 1, 2 - қосымшаларына сәйкес Бородулиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г.АКУЛОВ, аудан әкімі

Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «__» №__ қаулысына 1 қосымша

Бородулиха ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

№	Тікелей бағыт	Кері бағыт
1	- Знаменка ауылы – «Н.Островский атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң, Бородулиха ауылы – 15 км	«Н.Островский атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң, Бородулиха ауылы – Знаменка ауылы 15 км
2	- Жана Ауыл ауылы – «Т.Аманов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң, Петропавловка ауылы – 5,5 км	«Т.Аманов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң, Петропавловка ауылы – Жана ауылы - 5,5 км
3	- Барышовка ауылы – «Жалпы білім беретін Успенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 7 км - Поднебесное ауылы – «Жалпы білім беретін Успенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 7 км	- «Жалпы білім беретін Успенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Поднебесное ауылы - 7 км - «Жалпы білім беретін Успенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Барышовка ауылы - 7 км
4	- Орловка ауылы – «Жезкент кентінің экономикалық мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң, Жезкент кенті - 10 км	- «Жезкент кентінің экономикалық мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Орловка ауылы - 10 км
5	- Орловка ауылы – «Жезкент кентінің мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 10 км - Орловка ауылы – «Жезкент кентінің мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 10 км - Орловка ауылы – «Жезкент кентінің мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 10 км	- «Жезкент кентінің мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Орловка ауылы 10 км - «Жезкент кентінің мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Орловка ауылы 10 км - «Жезкент кентінің мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Орловка ауылы 10 км
6	- Знаменка ауылы – «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 13 км - Дмитриевка ауылы - «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 11 км (1 автобус) - Дмитриевка ауылы - «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 11 км (2 автобус) - Михайличенково ауылы - «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 18 км	- «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Михайличенково ауылы - 18 км - «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Дмитриевка ауылы - 11 км (1 автобус) - «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Дмитриевка ауылы - 11 км (2 автобус) - «Бородулиха қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Знаменка ауылы - 13 км
7	- Боровое ауылы – «Киров атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң	- «Киров атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Боровое ауылы – 15 км
8	- Петропавловка ауылы – «Зубаир орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 10 км - Байтанат ауылы - «Зубаир орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 14 км	- «Зубаир орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Байтанат ауылы - 14 км - «Зубаир орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Петропавловка ауылы - 10 км
9	- Романовка ауылы - Михайловка ауылы – «Камышенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 17 км - Сарноғай ауылы – «Новопокровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 6 км	- «Камышенка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Михайловка ауылы, Романовка ауылы – 17 км - «Новопокровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Новопокровка ауылының өткелі - 3 км
10	- Дюсекен станциясы – «Новопокровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 17 км - Новопокровка ауылының өткелі - «Новопокровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 3 км	- «Новопокровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Дюсекен станциясы - 17 км - «Новопокровка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Сарноғай ауылы - 6 км
11	- Қарағайлы ауылы – «М.Өуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 13 км - Сарноғай ауылы - «М.Өуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 6 км - Новопокровка ауылының өткелі - «М.Өуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 3 км	- «М.Өуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Новопокровка ауылының өткелі - 3 км - «М.Өуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Сарноғай ауылы - 6 км - «М.Өуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Қарағайлы ауылы - 13 км

12	- Березовка подхозы - Березовка санаторийі - Сосновка ауылы – «Ивановка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 22 км - 2 ауысым - Березовка подхозы - Березовка санаторийі - Сосновка ауылы – «Ивановка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 22 км	- «Ивановка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Сосновка ауылы - Березовка санаторийі - Березовка подхозы-22 км - 2 ауысым - «Ивановка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Сосновка ауылы - Березовка санаторийі - Березовка подхозы - 22 км
13	- Девятка ауылы- Речное ауылы – «Красный Яр орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 16 км	- «Красный Яр орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Речное ауылы - Девятка ауылы- 16 км
14	- Богомолново ауылы – «Буркотов ауылының № 3 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 5 км	- «Буркотов ауылының № 3 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Богомолново ауылы - 5 км
15	- Боровлянка ауылы - Пол-лог ауылы – «Жерновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 17 км - Пол-лог ауылы – «Жалпы білім беретін Боровлянка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 4 км	- «Жерновка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Пол-лог ауылы -Боровлянка ауылы- 17 км - «Жалпы білім беретін Боровлянка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Пол-лог ауылы - 4 км
17	- Ново-Васильевка ауылы – Алексеевка ауылы – «2-ші Пятилетка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 13 км.	- «2-ші Пятилетка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Алексеевка ауылы - Ново-Васильевка ауылы- 13 км
18	- Коростели ауылы – «Аул бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 3 км - Тарск ауылы – «Аул бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 3 км - Казбек ауылы – «Аул бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 3 км	- «Аул бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Коростели ауылы – 3 км - «Аул бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Тарск ауылы – 3 км - «Аул бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Казбек ауылы – 3 км
19	- Андроновка ауылы – «Переменовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 5,5 км - Ренки ауылы – «Переменовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 10 км	- «Переменовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Андроновка ауылы - 10 км - «Переменовка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Ренки ауылы – 10 км
20	- Аул ауылы – «Коростели орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 3 км - Тарск ауылы – «Коростели орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 15 км	- «Коростели орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Аул ауылы – 3 км - «Коростели орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Тарск ауылы - 15 км
21	- Белағаш станциясы – «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 5,5 км - Бековка ауылы – «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 20 км - Орловка ауылы – «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 13 км - 41 разъезд - «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 26 км - Вознесенновка ауылы - «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 27 км	- «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Белағаш станциясы - 5,5 км - «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Бековка ауылы – 20 км - «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Орловка ауылы - «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 41 разъезд - 26 км - «Краснополь орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Вознесенновка ауылы - 27 км
22	- Солоновка ауылы - Ключики ауылы – «Комаров атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 25,4 км - Потапенково ауылы – «Комаров атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - 28 км	- «Комаров атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Ключики ауылы - Солоновка ауылы- 25,4 км - «Комаров атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң - Потапенково ауылы - 28 км

Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «__» №__ қаулысына 2 қосымша

Бородулиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Балаларды тасымалдау тәртібі
1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.
2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.
3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.
4. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.
5. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды),

кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

6. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

7. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам жүргізеді.

8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

10. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.
11. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

12. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

13. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

14. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:
- 1) салонда тұруына және жүруіне;
 - 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
 - 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістері (шыға берістері) алаңдарда орналастыруына;
- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;
- 10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

16. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

17. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепетеңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

18. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;
- 2) баспалдақтардан секіруіне;
- 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
- 4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

19. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;
- 2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүреді.

2. Қорытынды ережелер

20. Ауданның шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

